

Алимбаев Ержан Нурлановичтың 6D080500 – Су ресурстары және суды пайдалану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған

«Су ағыны толық реттелген жағдайдағы Сырдария өзенінің төменгі алабының сушаруашылық жүйесінің сумен қамтамасыздығын ұлғайту» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

СЫН ШКІР

Сырдария өзені алабының негізгі арнасы мен оның салаларының ағындары толығымен гидротехникалық құрылымдар арқылы реттеу және оның қамтитын аймағын табиғи-техногендік сушаруашылық кешені ретінде қарастыруға негізінде су мәселесі қазіргі таңда өзекті болып отыр. Осының салдарынан өзеннің табиғи гидрологиялық режимі, табиғи-техногендік реттеуге және басқаруға болатын су нысаны ретінде қарастырылуда. Қазіргі кезде қалыптасқан Сырдария өзенінің гидрологиялық режимі, оның төменгі ағысында орналасқан Қызылорда облысының экономика салаларының, ал олардың ішінде негізгі су тұтынушы болып табылатын ауылшаруашылығын сумен қамтамасыз ету дәрежесіне және судың сапасына үлкен әсерін тигізгендіктен, болашақта аймақтың экологиялық-климаттық, гидрологиялық, гидрогеохимиялық жағдайын кешенді бағалау арқылы, барлық шаруашылық-өндіріс салаларының қызығушылығын тудыратын, табиғи жүйенің орнықтылығын қамтамасыз етуге және қоршаған тіршілік ортасының жағдайын жақсартуға арналған біртұтас бағдарламаларды құруды талап етеді. Ол бүгінгі күндегі сушаруашылығындағы ғылыми-тәжірбелік саласының негізгі өзекті мәселесі болып табылады.

Жұмыстың мақсатына қол жеткізу үшін автор зерттеу міндеттерін қойып, дәйекті түрде шешті. Автор қойылған мақсат пен міндеттер, сондай-ақ диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді.

Диссертация авторы Алимбаев Е.Н. мәселенің жай-күйіне шолу жасады, материалдарды өндеудің әртүрлі тәсілдерін, олардың қазіргі жағдайы мен кемшіліктерін талдады, бұл жұмыс тақырыбының өзектілігін негіздеуге мүмкіндік береді. Автор зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өнертабысқа патент алынған, өнертабыс бақша дақыдары үшін су үнемдеу жолын ұсынып отыр. Бұл әдіс табиғи жолмен бақша дақылдарын сумен қамтамасыз етудің бір көзі, нәтижесінде су үнемдеу және үнемделген су көлемін су жетіспейтін бағытта пайдалануға болады. Одан бөлек Қызылорда облысы бойынша дақылдардың суармалау нормасын автор ұсынған ұсыныс бойынша төмендетіп, суармалау жерлерінің көлемін 300 мың гектарға жеткізуге болатынын айқындаған.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижесі бойынша 28 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде Scopus деректер базасына еңгізілген нөлдік емес импакт-факторға ие халықаралық ғылыми журналдарда 3 мақала, ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынатын басылымдарынан 9 мақала, халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияларда 8 мақала және өзгеде басылымдарда 8 мақала жарияланды.

Жұмысты автор өз бетінше жоғары деңгейде орындады. Теориялық өзара байланыстар мен заңдылықтар дәлелденген және расталған. Теориялық нәтижелердің маңыздылығы олардың жаңалығымен, сәйкестігімен және жақсы жинақтылығымен расталады.

Докторанттың диссертациялық жұмысы зерттеудің өзекті тақырыбы бойынша аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады, маңызды қолданбалы мәселені шешеді, материалдың кешенділігімен және логикалық өзара байланыстылығымен, ішкі бірлігімен сипатталады және қойылған міндеттерді шешуге және зерттеу мақсатына жетуге бағытталған.

Докторант Е.Н.Алимбаев докторантурада оқу және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде өзін күрделі ғылыми-зерттеу міндеттерін қоюға және шешуге, алынған нәтижелерді талдауға және қорытындылауға қабілетті, заманауи зерттеу әдістерін меңгерген сауатты және жауапты маман ретінде көрсетті.

Е.Н.Алимбаев «Су ағыны толық реттелген жағдайдағы Сырдария өзенінің төменгі алабының сушаруашылық жүйесінің сумен қамтамасыздығын ұлғайту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы теориялық және практикалық маңызы бар, диссертация ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚҚ нормативтік талаптарына сәйкес келетін, жақсы ғылыми-техникалық деңгейде орындалған өзекті, аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады, ал оның авторы Алимбаев Ержан Нурланович 6D050500 – «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті «Су шаруашылығы және
жерге орналастыру» кафедрасының
профессоры т.ғ.к.доцент



Сагаев А.А.